

**Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінен дидактикалық
ойындар картотекасы**

Қазақ тілі пәні оқытушысы Камелова Алмира Сейтбековна

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінен дидактикалық ойындар картотекасы

- «Ғажайып сандық» дидактикалық ойыны
- «Не өзгерді?» дидактикалық ойыны
- «Біз еңбекқор баламыз» дидактикалық ойыны
- «Ғажайып қапшық» дидактикалық ойыны
- «Ұқсас затты тап» дидактикалық ойыны
- «Сиқырлы қоржын» дидактикалық ойыны
- «Электроника әлеміне саяхат» дидактикалық ойыны
- «Сырмақ» дидактикалық ойыны
- «Жәндіктерді ата» дидактикалық ойыны
- «Сөз ұйқастыр» дидактикалық ойыны
- «Қандай түс» дидактикалық ойыны
- «Көліктерді құрастыр» дидактикалық ойыны

Ғажайып сандық»

Мақсаты: Дыбыстарды анық, асықпай, дұрыс айта білуге үйрету. Сөздерде дыбыстың дұрыс айтылуына назар аударту.

«Не өзгерді?» дидактикалық ойыны

Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

Көнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мұляжы.

Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады.

«Біз еңбекқор баламыз» дидактикалық ойыны.

Ойын шарты: Балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып, допты келесі балаға лақтырады. Мысалы: Мен ойыншықтарымды жинаймын.

Мен гүлдерге су құямын.

Мен киімдерімді реттеймін.

Мен есіктің алдын сыпырамын.

Мен ыдыстарды жуамын.

Мен үйді реттеймін.

Мен еден жуамын, т.с.с.

«Ұқсас затты тап»

Ойын мақсаты: Қоршаған ортадан геометриялық пішіндерге (тік төртбұрыш, сопақша, дөңгелек, үшбұрыш) ұқсас заттарды тауып, оларды тұрмыстағы заттармен (топ ішіндегі жиһаздармен) сәйкестендіре білуге үйрету.

«Ғажайып қоржын» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру. Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: ыдыстар

Ойынның мазмұны: 5-6 бала қатысады. Тәрбиеші сиқырлы қоржынды ортаға қойып балаларды кезекпен шақырып, сол қалтадағы заттарды алғызады. Балалар алған заттарын сипаттайды білімдерін, ойлау қабілеттерін, сөйлеу іскерліктерін дамыту. Сұраққа толық жауап беруді үйретуді жалғастыру. Ажырата, топтастыра білу қабілеттерін қалыптастыру.

«Электроника әлеміне саяхат» дидактикалық ойыны

М: Электротехникалық тұрмыстық заттарды ажыратып айта білуге, олардың пайдасы туралы білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: электротехникалық тұрмыстық заттардың суреті

«Сырмақ» дидактикалық ойыны.

М: Қазақтың ұлттық бұйымы сырмақ туралы түсіндіру. Сырмақты оюлармен әсемдеу.

«Жәндіктерді ата» дидактикалық ойыны

Мақсаты: Балаларды жәндіктермен танысу, есте сақтау. Дұрыс айтуға үйрету, тіл мәдениетін жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға.

Ойын «Не тығылды»

Мысалы: не тығылды ата? Инелік тығылды. Қойылған сұраққа дұрыс түсіне отырып бере білуге тілдерін жаттықтыру.

«Жәндіктерді ата» дидактикалық ойыны

Мақсаты: Сын есім сөздерді белсендіру, жәндіктер туралы білімдерін бекіту.

Шарты: Тәрбиеші ішінде жәндіктердің муляждары немесе қима картон суреттері жасырылған қорапты ұстап тұрады. Балалар кезек-кезек жәндіктерді сипаттайды. Жәндіктердің негізгі ерекшеліктері айтылған соң, тәрбиеші қораптан сол сипаттамаға сәйкес келетін жәндікті алып береді.

Мысалы:

Бала: Оның аяқтары көп. Ол еңбекқор. Ол күшті. Илеуде өмір сүреді. Оның түсі қара, қоңыр болады.

Тәрбиеші: Қорап ондай жәндік бар дейді. Қане, көрейік ол не екен. Қораптан құмырсқаны алып шығады. Ойын осылайша жалғасады. Балалар өздері сипаттап тұрған жәндіктің атын атмаса да болады.

«Сөз ұйқастыр» дидактикалық ойын

Ойынның мақсаты: сөзге сөз қосып, сөйлем құрастырту арқылы баланың зейінін, шапшаң ойлауын дамыту.

Ойынның мазмұны: балаларды екі топқа бөлік өткізуге болады. Тәрбиеші сөз айтады, балалар сөзге сөз қосып, сөйлем құрайды.

«Қандай түс» дидактикалық ойыны

М: Балаларға гүл күлтелерінің түстерін атату, сөз, сөйлем құрастыру арқылы баланың сөйлеу қабілеттерін дамыту

Ш: Әдемі гүлдерге сәйкесінше көбелектерді қондыруды тапсыру.

Түстердің атауларын ажыратып атай білуге үйрету.

Құралдар: әртүрлі түсті гүлдер көбелектер.

«Жартысын тап» дидактикалық ойыны (құстарды, құрастыруға)

Мақсаты: құстарды ды атауға, әр түрлі суретпен берілген құстарды, бөлігін тауып құрастыруға үйрету. құстардың ерекшеліктерін сипаттау айта білуге үйрету. Құстар жайлы әңгімелеп айтуға тілдерін жаттықтыру. Сөз ішіндегі дыбыстарды анық айтуға баулу.

Көрнекі құралдар: Суретпен берілген, қиылған құстардың суреттері.